

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 желтоқсандағы N 1320 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне  
адвокатура мәселелері бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., И 4, 32, 33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5 22-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., N 13, 53-құжат; 2005 жылғы 1 желтоқсандағы "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 26 қарашадағы "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік құқықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңы ):

1) 68-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

**" 7 .                      С е з і к т і :**

1) нақты ұстау сәтінде оған түсіндірілуге тиіс өзінің барлық құқықтарын білуге;

2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;

3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушыны шақыруға, егер қорғаушыны сезікті, оның туыстары немесе сенім

білдірген адамдары шақырмаса, тергеуші, анықтаушы осы Кодекстің 71-бабының 3-бөлігінде көзделген тәртіппен оның қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

4) жауап алу басталғанға дейін сайланған немесе тағайындалған қорғаушымен  
оң аша және құпия жолығуға;

5) сезікті одан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушының қатысуымен  
ғана түсініктеме мен жауап беруге;

6) өзіне қарсы қылмыстық іс қозғалғандығы туралы қаулының көшірмесін, ұстау  
хаттамасы мен бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға;

7) өзіне қарсы күдікке байланысты түсініктеме мен жауап беруге, түсініктеме мен  
жауап беруден бас тартуға;

8) дәлел ұсынуға;

9) өтініш пен қарсылық мәлімдеуге;

10) ана тілінде немесе өзі білетін тілде түсініктеме мен жауап беруге;

11) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

12) оның өтініші немесе қорғаушының не заңды өкілінің өтініші бойынша  
жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;

13) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға  
және хаттамаларға ескерту беруге;

14) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың іс-әрекеті мен  
шешіміне шағым беруге құқылы.";

2) 69-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:  
" 2 . Айыпталушы :

1) заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен  
заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен  
мүмкіндігі болуға;

2) өзінің не үшін айыпталғандығын білуге және қылмыстық іс қозғау, өзін  
айыпталушы ретінде тарту туралы қаулылардың көшірмелерін алуға;

3) қылмыстық ізге түсу органынан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме  
алуға ;

4) қылмыстық процесті жүргізуші органнан өзінің құқықтары мен мүдделерін  
қозғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылдау туралы хабардар етілуге;

5) бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға;

6) өзіне тағылған айып бойынша түсініктеме мен жауап беруге;

7) айғақ беруден бас тартуға;

8) дәлел ұсынуға;

9) өтініш пен қарсылық мәлімдеуге;

10) ана тілінде немесе өзі білетін тілде жауап беруге және түсінісуге;

11) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

12) қорғаушысы болуға ;

- 13) осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен өзінен алғашқы жауап алудың алдындағы кезден бастап қорғаушымен оңаша және құпия жолығуға;
- 14) өзінің өтініші бойынша немесе өзінің қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;
- 15) осы әрекеттердің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге;
- 16) сарапшының алдына мәселелер қоюға, сараптама тағайындау туралы қаулымен және сарапшының қорытындысымен танысуға;
- 17) тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға және одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;
- 18) айыптау қорытындысының және оның қосымшаларының көшірмелерін алуға;
- 19) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың іс-әрекеті мен шешіміне шағым беруге;
- 20) ақтамайтын негіздер бойынша істі қысқартуға қарсылық білдіруге;
- 21) жария сот талқылауын талап етуге құқылы.

#### Сотталушының:

- 1) бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда істі соттың қарауына қатысуға;
- 2) тараптың барлық құқықтарын пайдалануға, сонымен бірге ақырғы сөз құқығына да құқығы бар.

#### Сотталған немесе ақталған адамның:

- 1) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге;
- 2) соттың үкіміне, қаулысына, судьялардың қаулыларына шағымдануға және шағымдалған шешімдердің көшірмесін алуға;
- 3) іс бойынша келтірілген шағымдар мен қарсылықтар туралы білуге және оларға қарсылық беруге;
- 4) мәлімделген шағымдар мен қарсылықтардың сотта қаралуына қатысуға құқығы бар."

#### 3) 70-бап мынадай мазмұндағы 3-1-бөлікпен толықтырылсын:

"3-1. Адвокат адвокаттың куәлігін көрсетіп және адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігін куәландыратын ордерін ұсынған кезде қылмыстық іске қорғаушы ретінде жіберіледі."

4) 72-баптың 8-бөлігінде "адвокатурадан екендігін растайтын құжат пен заң консультациясының адвокатқа аталған іске қатысу құқығын білдіретін ордерін немесе маңызы бойынша онымен тең құжатты;" деген сөздер "адвокаттың куәлігін және адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігін куәландыратын ордерін;" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 73-баптың бірінші бөлігінде "қорғаушы болып тағайындала алатын қорғаушы не адвокат" деген сөздер "осы Кодексте белгіленген тәртіппен қорғаушы болып тағайындалған адвокат" деген сөздермен ауыстырылсын;

#### 6) 74 - бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қорғаушы іске қатысуға рұқсат етілген сәттен бастап:

1) сезіктімен және айыпталушымен олардың саны мен ұзақтығы шектелместен  
оңаша және құпия жолығуға;

2) заңгерлік көмек көрсету үшін қажетті заттарды, құжаттар мен мәліметтерді  
жинауға және ұсынуға;

3) айып тағылған кезде қатысуға, сезіктіден және айыпталушыдан жауап алу кезінде  
, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтініші бойынша жүргізілетін өзге де  
тергеу және іс жүргізу әрекеттеріне, сондай-ақ қорғаушының өз өтініші бойынша  
жүргізілетін тергеу және іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға;

4) қарсылықтар білдіруге;

5) ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулымен, сезіктінің  
, айыпталушының немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жасалған тергеу  
әрекеттерінің хаттамаларымен, сезіктіге және айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуы  
тиіс болатын құжаттармен, ал анықтау немесе алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін  
істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген мәліметті кез келген көлемде  
үзінді алуға;

6) өтініш білдіруге;

7) кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, соттың талқылауына қатысуға  
, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңарту  
кезінде соттың отырысына қатысуға;

8) сот отырысының хаттамасымен оның әрбір бетіне өзінің қолын қоюымен  
куәландыра отырып танысуға және оған ескертпе енгізуге;

9) іс жүргізу құжаттарының көшірмелерін алуға және тарап пен қылмыстық істі  
жүргізуші адамның заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды іс  
жүргізу құжаттарына енгізуді талап етуге;

10) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері мен  
шешімдеріне шағым енгізуге және оларды қарауға қатысуға;

11) заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін  
пайдалануға құқылы.";

үшінші бөлікте:

"тергеушінің, анықтаушының рұқсатымен" деген сөздер алып тасталсын;

"қорғаушының сұрақтарын қабылдамауына болады, бірақ" деген сөздер алып  
тасталсын;

7) 97 - бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"97-бап. Қорғаушыға, жәбірленушіге, азаматтық талапкердің немесе азаматтық  
жауапкердің өкіліне қарсылық білдіру";

екінші бөлікте "өкілін" деген сөз "өкіліне" деген сөзбен ауыстырылып, "іс бойынша

іс жүргізуге қатысудан шеттетуге туралы" деген сөздер "қарсылық білдіру туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 101-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Төрағалық етуші:

1) бейне, дыбыс жазуды жүргізуге және жауап алуды сақтаудың өзге де әдістерін жүргізуге тыйым салуға;

2) сот отырысы залынан адвокатты қоспағанда, айыпталушыны, қорғау тарабының өкілдерін шығарып жіберуге құқылы.";

9) 125 - бапта:

үшінші бөлікте:

"көшірмелерін" деген сөзден кейін "тегін" деген сөзбен толықтырылсын;

"білімі бар адамдардың" деген сөздерден кейін "жазбаша қорытындысын немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

"арнаулы" деген сөзден кейін "(арнаулы ғылыми)" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Дәлел бола алатын мұндай мәліметтер, сондай-ақ заттар мен құжаттар мәлімделген өтініш жасау бойынша қылмыстық іс материалдарына тіркелуге жатады.";

10) 134-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұсталған адамнан осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жауап алынуға тиіс. Ұсталған адамнан жауап алу басталғанға дейін оның өтініші бойынша қорғаушымен оңаша және құпия жолығу қамтамасыз етіледі.";

11) 150-баптың бесінші бөлігі "заңды өкілдері" деген сөздерден кейін "жауап алу жүргізу орны және уақыты туралы тиісінше хабарлануы тиіс жәбірленуші" деген сөздермен толықтырылсын;

12) 244 - бапта:

тақырыпта "жәбірленушінің" деген сөзден кейін "және қорғаушының" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлікте "айыпталушының" деген сөзден кейін ", қорғаушының" деген сөзбен толықтырылсын;

бесінші бөліктің екінші сөйлемінде "қаулы" деген сөздің алдынан "дәлелді" деген сөзбен толықтырылсын;

13) 275-баптың бірінші бөлігінде "және нөмірленген" деген сөздер ", нөмірленген және іс парақтарының тізіміне енгізілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 328 - бапта:

үшінші бөлікте:

"айғақтардың егжей-тегжейлі мазмұны;" деген сөздерден кейін "жауап алуға қатысып отырған адамдардың сот қарсылық білдірген немесе жауап алынатын адам жауап беруден бас тартқан сұрақтары;" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады, ондағы сұрақтар мен жауаптар жауап алу кезіндегі реті бойынша жазылады."; жетінші бөлікте "туралы" деген сөзден кейін "жазбаша" деген сөзбен толықтырылсын;

15) 455-баптың бесінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Адвокаттар тегін заңгерлік көмек көрсеткен жағдайда олардың еңбегіне ақы төлеу осы Кодекстің 72-бабына сәйкес жүргізіледі.";

16) 460-баптың бірінші бөлігі "процеске қатысушылар" деген сөздерден кейін ", соның ішінде бұдан бұрын іске қатыспаған адвокаттар" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 467-бапта:  
бірінші бөлікте:

үшінші сөйлем "Прокурордың" деген сөзден кейін ", адвокаттың" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Адвокаттар тегін заңгерлік көмек көрсеткен жағдайда олардың еңбегіне ақы төлеу осы Кодекстің 72-бабына сәйкес жүргізіледі.".

2. "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 22, 328-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; 2003 ж., N 11, 65-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат) :

14-баптың 3-тармағының 2) тармақшасында "сұратуға" деген сөзден кейін "және алуға" деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 6, 190-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2004 ж., N 24, 142, 154-құжаттар) :

17-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "заң консультациясының осы іске адвокаттың қатысу құқығына берілген ордерін немесе маңызы бойынша онымен теңестірілген құжатты" деген сөздер "адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігін куәландыратын ордерінің көшірмесін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

